

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1223 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 56-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

	көрсетілген	қаулыға	1-қосымшада:
			к е с т е д е :
			м ы н а :
"2710 11 410 0	-Бензин	физ.	2-қосымшаға 0
2710 11 590 0**	(авиациялықты	көлемі	сәйкес
	қоспағанда)		"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2710 11 410 0	-Бензин	физ.	2-қосымшаға 23 ЕВРО/
2710 11 590 0**	(авиациялықты	көлемі	сәйкес 1000 л
	қоспағанда)		";

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 9 желтоқсандағы
N 1223 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 қаңтардағы
N 137 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, бензинді (авиациялықтан басқа) және дизель отынын, көтерме және бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар сататын бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынына арналған акциз ставкалары

	1 тоннаға арналған акциз ставкалары (теңгемен)	
	Бензин (авиациялықтан басқа) (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 11 410 0-2710 11 590 0)	Дизель отыны (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 310 0-2710 19 490 0)
Өндірушілердің өзі өндірген бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын көтерме саудада сатуы	4500	540
Заңды және жеке тұлғалардың бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын көтерме саудада сатуы	0	0
Өндірушілердің бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өздерінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы	5000	600
Заңды және жеке тұлғалардың бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өздерінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы	500 (немесе литріне 0,37 теңге)	60 (немесе литріне 0,05 теңге)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК